

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Француз Республикасының Үкіметі арасындағы Қаржыландыру туралы хаттаманың (Алматы қаласының сумен қамтамасыз ету және көріз инфрақұрылымын оңалту мен жаңғырту жобасы) күшін жою туралы"
Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 11 қыркүйектегі N 1347 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Француз Республикасының Үкіметі арасындағы Қаржыландыру туралы хаттаманың (Алматы қаласының сумен қамтамасыз ету және көріз инфрақұрылымын оңалту мен жаңғырту жобасы) күшін жою туралы"
Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан

Республикасының

Премьер-Министрі

K. Мәсімов

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Француз Республикасының Үкіметі арасындағы Қаржыландыру туралы хаттаманың (Алматы қаласының сумен қамтамасыз ету және көріз инфрақұрылымын оңалту мен жаңғырту жобасы) күшін жою туралы

Астанада 2000 жылғы 5 қазанды жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Француз Республикасының Үкіметі арасындағы Қаржыландыру туралы хаттаманың (Алматы қаласының сумен қамтамасыз ету және көріз инфрақұрылымын оңалту мен жаңғырту жобасы) күші жойылсын.

Қазақстан Республикасының Президенті

ҚАЗАҚСТАН

РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ

ҮКІМЕТІ

М Е Н

ФРАНЦУЗ

РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ

ҮКІМЕТІ

А Р А С Ы Н Д А Ф Ы

ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

ХАТТАМА

ТУРАЛЫ

Өздерін біріктіріп тұрған достық байланыстар мен ынтымақтастықты нығайту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Француз Республикасының Үкіметі Қазақстанның экономикалық дамуына ықпал ету үшін осы Хаттаманы жасасуға уағдаласты.

1-БАП - ҚАРЖЫЛЫҚ КӨМЕК СОМАСЫ ЖӘНЕ ОБЪЕКТИСІ

Француз Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының экономикалық дамуы үшін басым жобаны іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметіне қаржылық көмек бөледі. Бұл женілдікті кредит, оның ең жоғары сомасы 27,44 миллион Евроны (жиырма жеті миллион төрт жүз қызық мың Евро) құрайды, осы Хаттаманың қосымшасында ескерілген жобаны іске асыру үшін қажет француз жабдығы мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды қаржыландырады.

2-БАП - ЖОБАНЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ЕРЕЖЕСІ

Косымшада ескерілген жобаны қаржыландыру Францияның үкіметтік қарызы есебінен қамтамасыз етіледі. Осы жобаға жатқызылатын әрбір келісім-шарттың алғашқы аванстық төлемі көлік шығыстары және сақтандырусыз қаржыландырылатын келісім-шарт сомасының 10 %-тен 20 %-ке дейінгісін құрайды.

3-БАП - ҚАРЖЫЛЫҚ ҚӨМЕКТІ ПАЙДАЛАНУ ШАРТТАРЫ МЕН ЕРЕЖЕСІ

Франция үкіметтік қарызының мерзімі - 16 жыл, оның 6 жылдың женілдікті болып табылады. Жылдық проценттік ставка - 2,1 %. Негізгі сома 20 тең және кезекті жарты жылдық жарналармен өтеледі, бұл ретте алғашқы жарна мерзімі қарыз алу жасалатын күнтізбелік тоқсан аяқталғаннан кейін 78 ай еткеннен соң басталады. Проценттер негізгі борыштың қалған сомасына есептеледі: олар Францияның мемлекеттік арызы бойынша әрбір таралым күнінен бастап есептеледі және жылына екі рет төленеді.

Негізгі сома бойынша немесе проценттер бойынша өтеу күні Франциядағы жұмыс істемейтін күнге тұра келсе, ол одан кейінгі бірінші жұмыс күніне ауыстырылады. Негізгі сома бойынша немесе проценттер бойынша өтеуді кез келген мерзімінен кешіктіру берешек күнінен бастап және іс жүзіндегі төлем күніне дейін мораторийлік процент салуға әкеп соқтырады. Мораторийлік процент ставкасы француз заңында белгіленген 2000 жылға арналған министрлік декретіне сәйкес жылдық 3 %-ға ұлғайтылған 2,74 %, яғни жылына 5,74 %-ды құрайтын проценттік ставка болып табылады. Мораторийлік проценттің өзіне егер осы мораторийлік процент тұтас жыл ішінде төленбеген жағдайда жоғарыда келтірілген проценттер есептеледі.

Қолдану жөніндегі келісімге Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан және оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін Қаржы министрлігі уәкілдік берген кез келген басқа орган мен Француз Республикасының Үкіметі атынан және оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін "Натексис банк попюлер" арасында қол қойылатын болады. Онда Францияның мемлекеттік қарызын пайдалану және өтеу ережесі нақтыланатын болады.

Осы үкіметаралық Хаттаманы іске асыруға байланысты барлық келіспеушіліктер екі жақты дипломатиялық қарым-қатынастар шенберінде шешілетін болады.

4-БАП - ЕСЕП АЙЫРЫСУ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ ВАЛЮТАСЫ

Осы хаттаманың негізінде Евро есеп айырысу және төлем валютасы болып табылады.

5-БАП - ҚАРЫЗДЫ ПАЙДАЛАНУ

Қазақстан Республикасының Үкіметі түпкілікті қарыз алушыға Евродағы сол сомада және Француз Республикасы Үкіметінің мемлекеттік қарызы сияқты мерзім, женеңдік кезең және проценттік ставка бойынша жағдайларда қарыз береді.

6-БАП - ХАТТАМА ЕСЕБІНЕҢ ҚАРЖЫЛАНДЫРУҒА КЕЛІСІМ-ШАРТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ

Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Хаттама шеңберінде қаржыландыруға қабылданған келісім-шарттар "Халықаралық коммерциялық мәмілелерде шетелдік мемлекеттік қызметшілердің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күресі туралы" ЫӘДҰ 1997 жылғы 17 желтоқсандағы Конвенциясында келтірілген сияқты халықаралық сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес нормаларында сөз етілген ешқандай практиканың мәні б о л ы п т а б ы л м а й д ы .

Хаттаманың есебінен қаржыландыруға қосымшада ескерілген жобаға қатысты әрбір келісім-шартты қабылдау төмендегілерге негізделсін:

- келісім-шарттың тиісті жоғарыда аталған келісім-шарт жобасын алдын ала бағалау нәтижелері бойынша қалыптастырылған ұсынымдарға сәйкес келуі;

- жобаның мемлекеттің қолдауына ие экспорттық кредиттерге қатысты ЫӘДҰ Келісімінде көзделген ережелерге сәйкес келуін тексеру;

- борышты шоғырландыру және Францияның үкіметтік қарыздары туралы келісімдер бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің тарапынан берешектердің және уақтылы төлемеулердің жоқтығы;

- Қазақстан Республикасының Үкіметіне, оның мемлекеттік секторына берілген КОФАС кепілдік берілген банктік кредиттер бойынша немесе Қазақстан Республикасының үкіметтік кепілдігі бойынша берешектер мен уақтылы төлемеулердің жаи - күйін т а л д а у .

Құзыретті француз билігі осы шарттар тиісінше сақталғандығын белгілегеннен кейін қосымшада ескерілген жобаға жатқызылған әрбір келісім-шарт құзыретті француз билігінің рұқсатымен әрекет ететін Франция Елшілігінің Алматыдағы Экономикалық қеңесшісі мен құзыретті қазақстандық билік арасында хат алмасу арқылы Хаттаманың есебінен оны қаржыландыруға қабылдау рәсімінен өтеді.

7-БАП - ФРАНЦИЯНЫҢ ҮКІМЕТТІК ҚӨМЕГІНІҢ ШЕКТІ МЕРЗІМІ

Жоғарыда келтірілген бапта анықталған қаржылық қомекті алу үшін француз өнім берушісі мен қазақстандық сатып алушы қол қойған келісім-шарттар ең кеші 2002 жылғы 30 сәуірде Хаттаманың есебінен қаржыландыруға қабылдануы тиіс.

Осы Хаттамада берілетін Францияның үкіметтік қаржыландыруы жөніндегі таралымдар 2005 жылғы 30 сәуірден кешіктірмей жүргізілуі тиіс.

8-БАП - САЛЫҚТАР МЕН БАЖДАР

Осы Хаттаманы орындауға байланысты қаржылық қомек қаражаты Қазақстанда салықтар мен баждарды төлеуге жіберілмейді.

Негізгі сома бойынша өтеу және осы Хаттаманы іске асыруға байланысты проценттерді төлеу Қазақстанда салықтар мен баждардан босатылатын болады.

9-БАП - ЖОБАНЫ РЕТРОСПЕКТИВІ БАҒАЛАУ

Француз Республикасының Үкіметі осы Хаттаманың есебінен қаржыландыруға қабылданған, атап айтқанда, оның Қазақстан экономикасының дамуына әсер етуін бағалау үшін жобаның экономикалық, қаржылық және бухгалтерлік аспектілерін ретроспективті бағалауды өз есебінен жүргізе алады. Қалаған кезде Қазақстан Республикасының Үкіметі зерттеу нәтижелерін бірден алу үшін айқындау қажет ережелерге сәйкес осы бағалауды жүргізуге қосыла алады. Қазақстан Республикасының Үкіметі өзіне Француз Республикасының Үкіметі жіберген бағалау миссиясын қабылдау және оның жобаға қатысты ақпаратқа қатынауын жеңілдету міндеттемесін алады.

10-БАП - КҮШІНЕ ЕНУІ

- оған екі тарап қол қойғаннан;

- құзыретті Қазақстан билігі оны ратификациялағаннан;

- осы Хаттаманың қосымшасында көрсетілген жобаны бірлесіп қаржыландыру үшін "Алматы Су" бірлескен кәсіпорны мен Еуропа Қайта Құру және Даму банкі немесе Халықаралық қаржы корпорациясы (Дүниежүзілік Банктің Тобы) арасында кемінде 5 (бес) миллион АҚШ долларына баламалы сомаға Қарыз туралы келісімге қол қойғаннан

ОСЫНЫ РАСТАЙ ОТЫРЫП екі үкіметтің тиісінше осыған өкілеттік берілген өкілдері осы Хаттамаға қол қойды және оған өз мөрлерін қойды.

Төрт түпнұсқа данада: екеуі француз тілінде және екеуі орыс тілінде жасалды әрі француз тіліндегі мәтіні дұрыс болып есептеледі.

Қазақстан Республикасының

Француз Республикасының

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

КОСЫМША

Осы Хаттама бойынша бөлінетін 27,44 миллион Евро сомасындағы француз көмегі тіршілік етуге қабілетті экономикалық жағдайларда сумен жабдықтауды басқарудың берілуін қамтамасыз ету үшін француз фирмасының Алматы қаласының сумен қамтамасыз ету және кәріз инфрақұрылымын оқалту және жаңғырту бастапқы бағдарламасын жүзеге асыруының женілдікті жағдайларында қаржыландыруға және сол арқылы халыққа қызмет көрсету сапасын жақсартуға арналған.

Су секторында француз және қазақстан үкіметтері арасындағы ынтымақтастық жөніндегі түрлі іс-шараларды жалғастыратын осы жоба Алматы қаласы мен "Алматы Суы" 1999 жылы 27 қарашада "Contract for the Lease, Investment and Operation of the Potable Water and Waste Water Facilities" деп аталатын отыз жылға арналған келісім-шартқа қол қоюмен іске асырылған Алматы қаласы мен "Generale des Eaux"

бірлестігі арасында ұзак мерзімді әріптестік орнатуға мүмкіндік береді.

Бұл жоба кемінде 5 миллион АҚШ долларына баламалы сомаға Еуропа Қайта Құру және Даму банкінің немесе Халықаралық қаржы корпорациясының қарызымен қатар қаржыландырылады. Осы қарызды "Алматы Суы" бірлескен кәсіпорнының тартуы Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігін беруді талап етпейді.

Косымша осы Хаттаманың ажырамас құрамдас бөлігі болып табылады.

Осы Аударма Астана қаласында 2000 жылғы 5 қазанда қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Француз Республикасының Үкіметі арасындағы "Алматы қаласының сумен қамтамасыз ету және көріз инфрақұрылымен оңалту және жаңғырту" жобасы шенберінде орыс тіліндегі мәтініне сәйкес келетіндігін куәландарамын.

Қазақстан

Қаржы

Кадрмен

және

П. Шабанов

Республикасы

министрлігі

министрлігі

қамтамасыз

ету

кужат

айналымы

департаментінің

Басқарма бастығы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК